

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.6. - С.113-116

## **МОДУЛЬДІК ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

*Баймен Б.*

Қазіргі уақытта білім беру парадигмасының өзгерісі орын алуда: білім беру үрдісінің өзге мазмұны ұсынылып, толықтырыла түсуде, оқытудың өзге тәсілдері мен әдістері, өзге педагогикалық менталитет қалыптасуда.

Білім беру мазмұны процессуалдық өтілдермен байытылып, ақпаратты игеру және өңдеу қабілеттерін дамытумен, бағдарламалардың индивидуализацияға екіпін қою арқылы мәселелерді шешумен толықтырылады.

Жаңа білім беру бағдарламаларының шешуші сипаты олардың білім алушыларға ден қоюы болып табылады. Тап осы білім алушы оқу қызметінің белсенді субъектісі болып табылады, ал оқу қызметі білім алушының жеке қажеттіліктерін, кәсіби жоспарларын және олардың ынталарын ескере отырып жүзеге асырылады. Осы қызметтің жетістіктерін қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі білім алушылардың ұстанымдары мен оны іске асыру әдісіне қатынастары болып табылады. Ең басты назар білім алушылардың субъективті бағалауға, олардың білім беру міндеттері туралы көзқарастарына және ойтолғамдарына, оны құрастырудың модульдік жүйесіне аударылады. Олай болса, модульдік оқыту мен студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру мәселелеріне тоқталып өтеміз.

Модульдік оқытудың негізін қалаушы Дж.Рассел модульді «оқу материалының тұжырымдамалық бірлігін қамтитын оқу пакеті» ретінде анықтайды [4]. Модульдік оқытуға қатысты әр түрлі көзқарастар оны келесідей аспектілерде қарастыруды көздейді:

- модуль оқу жоспарының бірлігі ретінде мамандықтың біліктілік сипатта-масының талаптарына жауап беретін пәндер жиынтығы болып табылады;

- модуль ұйымдық-әдістемелік пәнаралық құрылым ретінде бір мамандықты игеру үшін қажет және оқу үдерісінің пәнаралық байланысын қамтамасыз ететін әр түрлі оқу пәндерінен құралған тақырыптар (бөлімдер) жиынтығы;

- модуль бір оқу пәнінің аясындағы ұйымдық-әдістемелік құрылымдық блок ретінде дидактикалық мақсаттарды анықтауды, оқу материалын логикалық тұрғыдан аяқтауды, әдістемелік басшылық пен бақылау жүйесін қамтитын пәнді жобалауды білдіреді.

Ал, В.Гольдшмидт және М.Л.Гольдшмидт сында ғалымдардың «Modular instruction in higher education: A review» деректері бойынша, АҚШ колледждері мен университеттерінде модульмен оқыту инженерлік пәндерді, химия, психология, социология, лингвистика, ағылшын тілі және басқа пәндерді практикалық тұрғыда оқыту үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, модульдік оқытудың студент үшін қолайлы екенін, материалды өз бетімен оқуға мүмкіндік туғызатынын, оқу белсенділігін қалыптастыруға көмектесетіндігін дәлелдеп көрсетеді.

Модульдік оқытуда оқытушы жеке тұлғаның қызметін емес, тек жол сілтеуші, бағыт беруші тұлғаның қызметін атқарады.

Модульдік оқыту студентке өзіне ыңғайлы модульді таңдап алуына және өзіне қолайлы уақытта оқуына мүмкіндік береді.

Білім алушының ой-өрісін дамыту оқу әрекетімен тығыз байланысты. Оқу әрекеті – білім алушының өзін-өзі тану, өзгертуі. Студент жеке тұлға болып қалыптасу үшін өзі өмір сүріп отырған қоғамның ерекшеліктерін тани білуі қажет. Күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді өздігінен шешіп, талдай білумен қатар өзіндік пікір білдіре алуы шарт.

Ғалымдар оқу әрекеті барысында студенттің пәнге деген қызығушылығы, нәтижені бағалай білуі және қорытынды жасай алуы, т.б. психологиялық сипаттардың қалыптасатынын айтады.

Кредиттік оқыту жүйесінде диалектілерді модульдік оқыту технологиясын пайдалана отырып меңгерту студенттің білім сапасын арттырумен бірге өзіне деген талапты да күшейтеді. Себебі кредиттік оқу жүйесі талап ететін 100 пайыздық көрсеткішке жету үшін студент талпынады. Тұлғаның зейін, ес, ойлау сияқты психикалық қасиеттері оқыту үрдісінде маңызды рөл атқарады [5].

Психологиялық және педагогикалық тұрғыдан алатын болсақ, білім беру технологияларын жетілдірудің негізгі тенденциялары келесілермен сипатталады:

– оқыту еске сақтау функциясы ретінде қабылданған болса, бүгінгі таңда оқыту игерілген материалды пайдалануға мүмкіндік беретін ақылды дамыту процесі ретінде сипатталады;

– бұрынғы ассоциативтік, статикалық оқыту үлгісі ақылды әрекеттердің икемді құрылымдық жүйелеріне ауысуда;

– егер бұрын оқу үлгерімінің орташа көрсеткішіне екпін қойылса, қазір негізгі екпін әртараптандырылған және жекешелендірілген оқыту бағдарламаларына негізделеді;

– бұрын оқытуды сыртқы ынталандыру мақсатты болса, енді ішкі адамгершілік-еріктік регуляция басымдыққа ие [3].

Модульдік оқытудың негізгі инструменталдық құралы оқу элементі болып табылады. Оқу элементі – бұл толығымен өз бетімен оқуға немесе оқытушының жетекшілік етуінің әр түрлі деңгейімен оқуға арналған автономдық оқу материалы болып табылады. Оқу элементі өзіне оқытудың ең төменгі кезеңін қосады – ол когнитивті, психомоторлық, құндық бағыттылықты өз бетімен оқу материалдарын игеру [1]. Ол оқу қызметінің

бірліктері құрамындағы ұсақ элементтің қағидалары, құралдары, әдістері, тәсілдері және шарттары туралы толық ақпараттан тұрады, сонымен қатар осы ақпаратты игеру бойынша іс-әрекет ету туралы жетекшіліктен тұрады.

Студенттерің оқыту процесінде өз бетімен жұмыс жасауының 4 түрін бөліп көрсетуге болады, олардың әрқайсысы мақсаты мен жоспарлауы бойынша түрлі ерекшеліктерге ие [2]:

– алдағы қызметті оқытушымен бірге жоспарлау көмегімен жүзеге асырылады;

– оқытушы мақсат қойғаннан соң, студент өз бетімен жұмыс жоспарын жасайды;

– берілген тапсырма аясында студент өз бетімен қызметтің мақсаты мен жоспарын анықтайды;

– студент оқытушының көмегінсіз оқу қызметін автономды түрде толықтай өз бетімен жүзеге асырады.

Ұсынылған мысал бойынша студенттің өз бетімен жасаған барлық іс-әрекеттері өзінің танымдық қызметін жоспарлау өтілдерін қалыптастырудың негізі, танымдық тәуелсіздігінің тәжірибесін қалыптастырудың негізі ретінде ғана қызмет етеді. Бұл тәжірибе тек студентреконструктивті-вариативті өзіндік жұмыстарды орындаған кезде ғана қалыптаса бастайды.

Одан әрі білім алушы өз бетімен материалды игерудің түрлі әдістерін оқытушы қойған мақсаттар аясында араластыра отырып, жаңа тапсырмаларға аударыла бастаған кезде, оның оқу қызметі одан сайын жемісті бола түседі. Ең ақырында, оған жаңа тапсырманы белгілі тапсырмалар жиынына өз бетімен енгізуге шамасы жететін болады. Өзіндік жұмыс жасау жүйесіндегі ең жоғарғы саты – өзіндік пәнішілік және пәнаралық зерттеу жұмыстары болып саналады. Мұндай жұмыстарды автономды орындау үшін, студент білімдер мен нақыштарды тіл саласынан кәсіби коммуникациялар сферасына ауыстыра білуі керек. Осыған байланысты кейбір студенттер өзіндік жұмыстардың күрделене түсуіне байланысты қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл жағдайда, айта кету қажет, оның себебі қайсыбір жалпыланған «координаталар жүйесінің», яғни, адамның оқытуға деген көзқарастар жүйесінің болуына байланысты. Студенттердің бір тобына оқытудың модульдік формасында өз бетімен жұмыс жасаудағы тәуелсіздік, шешім қабылдаудағы еркіндік, өзін өзі бақылау және қадағалау, өзін өзі даярлау және тексеру мүмкіндігі ұнайды. Студенттердің басқа тобына керісінше, өзінің төменгі белсенділігі модульдік оқыту кезінде біршама тосқауыл, бөгет болуы мүмкін. Мұндай студенттер оқытудың дәстүрлі жүйесіне жақын болады, және оқытушы тарапынан дәстүрлі қолдау мен сүйемелге зәру болады. Осылайша, модульдік оқыту бағдарламаларына білім алушылар көзқарастарының әр түрлі болуының себебін аштық деп ойлаймын.

Жоғарыда айтылғандарды біле тұра, теріс көзқарастарды жоюдың жәнестуденттердің модульдік оқытуға анағұрлым жақсы қатынасын ояту үшін түрлі әдіс тәсілдер ұсынуға болады. Осы бағыттағы педагогикалық тұрғыдағы алғашқы сапты әдістер төмендегілерді қамтуы мүмкін:

– білім алушылардың өмірлік ұстанымдарын анықтау, олардың модульдерді игерудегі ықпалын бағалау және бағдарламаға «кіру» процесінде олардың оқыту процесіндегі стереотиптік көзқарастарын, олардың дәстүрлі оқыту бағдарламаларана деген құлшынысын және оқытушыдан сүйемелдеуге зәрулігін жою және түзету;

– білім алушылардың ескі көзқарастарын оқытушылардың олардың ерінуі немсе оқи алмау қабілеті ретінде анықтауы.

Алайда қазіргі уақытта оқытудың жаңа технологиясына ену мәселелерінің екпіні біршама өзгерді. Білім алушылар тек өздеріне таныс формада, үйреншікті әдістермен және оңай құралдармен оқуды жөн санайды. Субъективті түрде алатын болсақ, олар өздерінің білім алу үрдісінің тиімділігін оның қауіпсіздігі тұрғысынан бағалайды, ал бұл материалды игеру деңгейінің шектен тыс жалпылануына және таяздауына әкеп соғады. Яғни, модульдік технологияның артықшылықтары олар үшін объективті шындыққа айналуы үшін, заманға сай білім беру жүйесін дамытуға кері ықпалын тигізетін көзқарастарды өзгерту қажеттілігі туып отыр. Сондықтан соңғы уақытта заманауи білім беру аясындағы модульдік бағдарламалардың қағидалары мен мүмкіндіктерін насихаттау өзекті мәселеге айналып отыр.

Педагогикалық технологиялар – бұл барлық детальдары ойластырылған, студенттердің өзіндік жұмысын сөзсіз қамтамасыз ету арқылы оқыту процесін жүзеге асыру бойынша бірлескен педагогикалық қызмет үлгілері. Модульдік-блоктық технологиялар дәл осы педагогикалық технологиялар типіне жатады. Модульдік бағдарламалардағы артықшылықтар өздігінен көрінбейді.

Тек білім алушыны оқыту барысының бастапқы кезеңінде серіктес ретінде қабылдап, сәйкесінше оқу мақсаттарын белгілеу модульдік бағдарлама аясындағы білім алушы қызметінің қарқындылығын жоғарылатуға, өз кезегінде осы оқыту тәсілінің нәтижелілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Елизарова Г. В. Культура и обучение иностранным языкам. – СПб.: Каро, 2005. – 352 с.
2. Леонтьев А. А. Основы психолингвистики. – М.: Смысл, 2003. – 288 с.
3. Радугин А. А. Психология и педагогика. – М. : Центр, 1999. – 251 с.
4. Russell J.D. Modular Instruction. Minneapolis, Minn., Burgess Publishing Co., 1974.
5. Goldschmid B. Modular instruction in higher education: A review / B. Goldschmid, M. L. Goldschmid // Higher Education. Elsevier, 1973. – Vol. 2. – P. 15-32.